

## Қамқоршылық кеңесі комиссиясы отырысының

### № 4 ХАТТАМАСЫ

**Бақанас ауылы**

**30.09.2021 жыл**

**Төрағалық еткен:**

Қамқоршылық кеңесінің  
төрағасы Б.Сқабаев

**Өткізілген жері:**

Бақтыораз Бейсекбаев атындағы  
мектеп - гимназия ғимараты

**Хатшы:**

Б.Бейсекбаев ат.орта мектебінің  
әлеуметтік педагогі м.у.а  
А.Рыскелдина

**Қатысқандар:** Б.Бейсекбаев ат.мектеп-гимназия директоры – Ж.Алимбаева  
Мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасарлары:

Қ.Абуова  
М.Танабаева

**Қатысқан комиссия мүшелері:**

Күлтебаев Қ - мүшесі  
Жаныбекова Н. – мүшесі  
Советқали Б.А. -мүшесі  
Қозылияс К.- мүшесі

#### **КҮН ТӘРТІБІ:**

1.Мектепішілік «Қамқоршылық» кеңесінің құрамын қайта құру

Бірінші мәселе бойынша сөз кезегін мектептің әлеуметтік педагогы м.у.а А.Рыскелдина сөз алды. Өз сөзінде : Аудандақ білім бөлімінің қамқоршылық кеңес туралы 2021 жылғы 29 қыркүйек №130 Бұйрығына сәйкес мектепішілік «Қамқоршылық» кеңесінің құрамын қайта анықтап бекіту керектігін атап көрсетті. Қамқоршылық кеңестің құрылатындығы жөнінде берілген хабарламаға байланысты Б.Бейсекбаев атындағы мектеп-гимназиясының қамқоршылық кеңесіне мүше болуға үміткер ретінде 5 адам тіркелді. Осы бес адамды толығымен қамқоршылық кеңесіне мүшелікке қабылдауды ұсынамын. Қамқоршылық кеңес мүшесі ретінде сөз алған Күлтебаев Қабыл Б.Бейсекбаев ат.мектеп-гимназия қамқоршылық кеңесінің төрағалығына бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан қамқоршылық кеңес мүшесі Бақыт Сқабаевты ұсынды. Қамқоршылық кеңесі мүшелері оны толық қолдады.